

Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 5 "Мұғалжар ауданы Қайыңды ауылдық округі Алтынды ауылының көше атауын қайта атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 17 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 желтоқсанда № 4110 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына сәйкес Қайыңды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 5 «Мұғалжар ауданы Қайыңды ауылдық округі Алтынды ауылының көше атауын қайта атау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-148 болып тіркелген, 2011 жылғы 12 қазанда аудандық «Мұғалжар» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің орыс тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтіні бойынша «поселка», «аульного» сөздері «села», «сельского» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қайыңды ауылдық округінің әкімі	І.Ниязова
---------------------------------	-----------